



БІЛІМ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗДАНДЫРУ БОЙЫНША ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ- IQAA

**«6M011700 - Қазақ тілі мен әдебиеті» (қатаң түрде классификаторға сәйкес)
білім беру бағдарламасын мамандандырылған (бағдарламалық)
аккредиттеу аясында ұйымның өзін-өзі бағалау
туралы есебін оқу және сыртқы аудит нәтижесі негізінде
білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігі
сараптамалық тобымен құрастырылған**

АҚПАРАТТЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК-ИННОВАЦИЯҢҚ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ

(ОҚУ МЕКЕМЕСІ)

СЫРТҚЫ АУДИТ БОЙЫНША ЕСЕБІ

Мерзімі : 26-27 наурыз 2018 жыл

Шымкент, 2018 жыл

**Комардина Любовь Степановна.**

Сараптама тобының жетекшісі.

Биология ғылымдарының кандидаты, педагогика бойынша доцент Инновациялық Еуразия университеті.

**Леонович Евгений Николаевич.**

Халықаралық сарапшы.

Мәскеу мемлекеттік педагогикалық университетінің білім беру педагогика және психология институтының Бастауыш мектепте оқыту әдістемесі кафедрасының профессоры. Педагогика ғылымдарының докторы, профессор.

**Даулетбекова Жанат Турарбековна.**

Ұлттық сарапшы.

Педагогика ғылымдарының докторы, доцент, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің "Қазақ тілі мен әдебиеті" кафедрасының меңгерушісі.

**Кулбаев Айбол Тиналович.**

Ұлттық сарапшы.

Ғылым және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімінің басшысы. "Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша PhD докторы, Қазақ спорт және туризм академиясы.

**Есім Ұлжалғас Әшімқызы.**

Жұмыс берушілердің өкілі.

Шымкент қаласы С. Ерубаев атындағы № 24 орта мектебінің директоры. Педагогика ғылымдарының кандидаты.



Аскар Жанира Абдырахымкызы.

Студенттердің өкілі.

Мамандығы-5B010200-Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі. Шымкент университеті.



Уровень соответствия отчета по самооценке фактическому состоянию дел образовательной программы 6M011700 – Казахский язык и литература, ЧУ «Региональный социально-инновационный университет»

Стандарты	Отметьте уровень соответствия отчета по самооценке фактическому состоянию дел в вузе для каждого стандарта			
	соответствует	соответствует с небольшими замечаниями	соответствует с замечаниями	не соответствует
Стандарт 1 Цели образовательных программ и политика в области обеспечения качества		+		
Стандарт 2 Разработка, утверждение образовательных программ и управление информацией		+		
Стандарт 3 Студентоцентрированное обучение, преподавание и оценка		+		
Стандарт 4 Прием студентов, успеваемость, признание и сертификация		+		
Стандарт 5 Профессорско-преподавательский состав			+	
Стандарт 6 Учебные ресурсы и поддержка студентов	+			
Стандарт 7 Информирование общественности	+			

Комардина Любовь Степановна
 Леонович Евгений Николаевич
 Даулетбекова Жанат Турарбековна

Кулбаев Айбол Тиналович

Есім Ұлжалғас Әшімқызы

Аскар Жанира Абдырахымқызы

Дата аудита 26-27 марта 2018г.

Уровень соответствия отчета по самооценке фактическому состоянию дел образовательной программы 6М011700 – Казахский язык и литература, ЧУ «Региональный социально-инновационный университет»

Стандарты	Отметьте уровень соответствия отчета по самооценке фактическому состоянию дел в вузе для каждого стандарта			
	соответствует	соответствует с небольшими замечаниями	соответствует с замечаниями	не соответствует
<i>Стандарт 1</i> Цели образовательных программ и политика в области обеспечения качества		+		
<i>Стандарт 2</i> Разработка, утверждение образовательных программ и управление информацией		+		
<i>Стандарт 3</i> Студентоцентрированное обучение, преподавание и оценка			+	
<i>Стандарт 4</i> Прием студентов, успеваемость, признание и сертификация		+		
<i>Стандарт 5</i> Профессорско-преподавательский состав			+	
<i>Стандарт 6</i> Учебные ресурсы и поддержка студентов	+			
<i>Стандарт 7</i> Информирование общественности	+			

По решению Аккредитационного совета от 29 апреля 2018 года.

МАЗМҰНЫ**1 ТАРАУ САПАР АЯСЫ МЕН МАҚСАТЫ**

Кіріспе.....	1
Жоо-ның негізі сипаттамасы.....	7

2 ТАРАУ СЫРТҚЫ АУДИТ ТУРАЛЫ САРАПТАУ ТОБЫНЫҢ ЕСЕБІ

Мамандандырылған аккредитацияның стандарттарға сәйкестігі	
Кіріспе.....	8
Стандарт 1	
Білім беру бағдарлама-сының мақсаты және сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат	9
Стандарт 2	
Білім беру бағдарламасын әзірлеу, бекіту, ақпаратты басқару	12
Стандарт 3	
Студентке бағытталған білім беру, оқыту және бағалау	16
Стандарт 4	
Студенттерді қабылдау, үлгерімі, мойындалуы және сертификаттау.....	20
Стандарт 5	
Профессор-оқытушылар құрамы.....	24
Стандарт 6	
Оқу ресурстары және студенттерді қолдау	30
Стандарт 7	
Қоғамның ақпараттандырылуы.....	34

3 ТАРАУ

ҚОРЫТЫНДЫ	38
------------------------	----

Қосымша 1

Сыртқы аудит бағдарламасы.....	40
--------------------------------	----

Қосымша 2

Сұқбатқа қатысушылардың барлығының тізімі.....	43
--	----

Сыртқы аудит есебін жазуға нұсқаулық

1 ТАРАУ

КІРІСПЕ

Сараптау тобы 2018 жылдың 26-27 наурызы аралығында «Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті» ЧУ-да мамандандырылған (бағдарламалық) аккредитация аясында сыртқы аудит өткізді.

Сыртқы аудит НКАОКО-да дайындалған бағдарламаға сәйкес жүргізілді. Иссапар бағдарламасы, 1-кластер бойынша орыс және қазақ тілдерінде әзірленген «5B010200 – «Педагогика және бастауыш білім беру әдістемесі», «6M010200 – Педагогика және бастауыш білім беру әдістемесі», «5B010800 – Дене мәдениеті және спорт», «6M010800 – Дене мәдениеті және спорт», «5B011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті», «6M011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандықтарының білім беру бағдарламалары бойынша өзін-өзі бағалау есептері, Мамандандырылған (бағдарламалық) аккредитация аясында сыртқы аудитті ұйымдастыру мен өткізу бойынша нұсқаулық, университеттің құрылымы, сабақ кестелері, практика базаларының тізімі секілді жұмыс жасауға қажетті материалдардың барлығы білім беру мекемесіне барғанға дейін сараптау тобы мүшелеріне алдын-ала таратылды, соның нәтижесінде сыртқы бағалау жұмысына дайындық мәселесі жүйелі жүргізілді.

Университеттің құрылтайшыларымен, ректорымен, проректорларымен кездесу сараптау тобының университеттің жалпы сипаттамасын, соңғы жылдардағы жетістіктері мен даму бағдарларын анықтауға мүмкіндік берді.

Сыртқы аудит бойынша жоспарланған іс-шаралар университеттің құрылымымен, оның материалдық-техникалық базасымен нақтырақ танысуға мүмкіндік берді. Профессор-оқытушылармен, студенттермен, магистранттармен, түлектермен, жұмыс берушілермен жүргізілген сұқбаттар білім беру бағдарламалары бойынша өзін-өзі бағалау есебінде көрсетілген мәліметтердің жоғары оқу орнындағы нақты жағдайлармен сәйкестігін тәуелсіз бағалауға негіз болды.

Университеттің білім беру бағдарламалары бойынша өзін-өзі бағалау есебінде ЖОО мен құрылымдық бөлімшелері қызмет аясының мамандандырылған аккредитация стандарттарымен сәйкестігіне қатысты кең көлемді ақпараттар берілген, күшті және әлсіз жақтары, сондай-ақ, даму болашағына ықпал ететін қауіптер мен мүмкіндіктер анықталған. Бақылау шаралары оқу және ғылыми үдерістердің ұйымдастырылуы жайында, материалдық-техникалық базаның стандарттарға сәйкестігі туралы мағлұмат алу үшін, сонымен бірге білім алушылармен, қызметкерлермен жұмыс орындарында байланыс жасау үшін ұйымдастырылды. Сарапшылар кафедраларды, бөлімдерді, лабораториялар мен кітапханаларды аралап көрді.

Сыртқы аудит өткізу кезінде сарапшылар құжатайналым мәселесін, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және материалдық-техникалық қамтамасыз етілу жайын айқындау мақсатында кафедрадағы құжаттармен танысты, жекелеген оқытушылардың сабақтарына қатысты, дайындық бағыттарына сай практика базаларына барды.

ЖОО-ның жалпы сипаттамасы

АӘИУ тарихы 2001 жылы 3 тамызда ҚР Білім және ғылым министрлігінің № 643 бұйрығына сәйкес АА №0000174 сериялы лицензиясы бар Шымкент әлеуметтік-педагогикалық университеті мен ҚР Білім және ғылым министрлігінің № 643 бұйрығына сәйкес АБ №0062184 сериялы лицензиясы бар Академиялық инновациялық университетінен бастау алады.

2016 жылы университет институционалды аккредитациядан өткен.

Университет бакалавриат деңгейінде 36 және магистратура деңгейінде 21 мамандық бойынша маман дайындауды жүзеге асырады.

Қазіргі таңда Университетте жалпы саны 409, штаттық бірлігі 386 көлеміндегі мамандар қызмет атқаратын 15 кафедра бар. Олардың ішінде: 25 ғылым докторы, 170 ғылым кандидаты, 1 PhD докторы, МАК-тың 12 доценті мен профессоры, 17 – ҚР мәдениет пен өнер саласына еңбек сіңірген қайраткер, 108 магистр мен 76 оқытушы бар. «ЖОО-ның үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегерлері: 2013 ж. – 3; 2014 ж. – 1; 2015 ж. – 1.

Бүгінгі таңда АӘИУ-де заманауи ақпарттандырылған қоғамның даму талаптарына сай білікті мамандар дайындаудың жаңартылған жүйесін құру және кәсіби білім берудің сапасын арттыру бағытында жұмыстар жасалуда.

Университетте халықаралық байланыстарды кеңейту мақсатында үздіксіз жұмыстар жүргізіліп отыр. Әлемнің және ТМД елдерінің, сондай-ақ отандық жетекші жоғары оқу орындарымен тікелей байланыстар жолға қойылған. Білім беру және ғылым салалары бойынша Еуропа, Азия, оның ішінде ТМД елдерінің 37 жоғары оқу орнымен ынтымақтастық туралы келісім-шарт жасалған.

Университеттің оқытушылары Астана, Алматы, Шымкент қалаларындағы жоғары оқу орындарының кәсіби біліктілікті арттыру орталықтарында, «Өрлеу» біліктілікті арттыру Ұлттық орталығында, «Болашақ» бағдарламасы негізінде және шетелдік тағылымдамалардан өту жолымен өздерінің кәсіби біліктілігін көтеріп отырады.

Университеттегі ғылыми-зерттеу жұмыстары оның білім беру бағытындағы қызметімен тығыз байланыста жүргізіледі. Ғылыми-зерттеу жұмысына, республикалық байқаулар мен пән олимпиадаларына және т.б. шараларға қатысушы студенттердің саны жылдан-жылға артып келеді.

Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университет 13.08.2012 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің № 643 бұйрығы бойынша АБ №0142761 сериялы мемлекеттік лицензиясына сәйкес 57 білім беру бағдарламасын жүзеге асырып отыр.

Заңды тұлғаның орналасқан жері

Университеттің заңды және нақты мекенжайы:

160005, Қазақстан Республикасы, Оңтүстік Қазақстан облысы,

Шымкент қ., Д.Құрманбеков көшесі, 4.

телефоны: (8 725)235-94-46, 35-94-08;

факс: (8 725)235-94-46;

электронды поштасы: rsiu2012@mail.ru;

ресми сайты: www.rsiu.kz.

2 ТАРАУ**САРАПТАУ ТОБЫНЫҢ СЫРТҚЫ АУДИТ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ**

Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеттің миссиясы - Қазақстанның оңтүстік өңірінің әлеуметтік және инновациялық әлеуетін одан әрі дамыту мақсатында, қоғам мен бизнестің қажеттіліктерін қанағаттандыратын, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау үшін білім беру қызметтерін ұсыну. Сондықтан 6М011700-Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының мақсаты да Стратегиялық жоспарда (қашан) көрсетілген бағыттарды басшылыққа алады.

Университеттің миссиясын жүзеге асыру үшін аймақтағы нарықтық сұраныс пен әлеуметтік ерекшеліктерді ескере отырып, бәсекеге қабілетті педагог маман дайындаудың дәстүрлі жүйесі қалыптасып келеді.

Университетте халықаралық қатынастарды кеңейту бойынша үздіксіз жұмыс жүргізіледі, көптеген отандық және шетелдік жетекші жоғарғы оқу орындарымен, әлем және ТМД білім беру мекемелерімен тікелей байланыс орнатылған.

Университет оқытушылары Астана, Алматы, Шымкент жоғары оқу орындары біліктілікті арттыру және кәсіби даярлау орталықтарында және шетелдік тағылымдамалар барысында өздерінің кәсіби біліктіліктерін жетілдіруге мүмкіндіктері бар. Университеттегі ғылыми-зерттеу жұмыстары білім беру қызметімен тығыз байланысты. Жыл сайын ҒЗЖ орындауға, оның ішінде республикалық конкурстарға, пәндік олимпиадаларға т.б. тартылатын магистранттар саны өсіп келеді.

6М011700-«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша магистр мамандар дайындау 2012 жылдан бастау алады. 6М011700-«Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ бойынша «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасы мамандық шығарушы болып табылады.

Қазіргі таңда, кафедрадағы профессор-оқытушылар құрамының ғылыми дәрежелілігі 61,8% ды құрайды, 2 ғылым докторы, 11 ғылым кандидаты, 5 аға оқытушы 3 магистр ,аға оқытушы қызмет етеді. Сонымен бірге, кафедра іргелі, ғылыми-тәжірибелік, ғылыми-педагогикалық және ғылыми-әдістемелік зерттеулерді жүзеге асырады.

СТАНДАРТ 1.**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ**

Білім беру бағдарламалары мақсаттары жоғары оқу орнының миссиясына, стратегиялық жоспарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес жүйеленген. Заманауи білім беру нарығы қажеттіліктеріне жауап беретін университеттің мақсаттары мен міндеттері және миссияның соңғы нұсқасы, бағдары, университет құндылықтары университеттің 2014-2018 жж. арналған АӘИУ Стратегиялық даму жоспарына сәйкестендірілген. Миссияның мәтіні барлық оқу ғимараттарының қабырға бұрыштарына және университет сайтына (www.rsii.kz) орналастырылған. БББ бойынша оқыту жүйесі магистранттардың сұранысын қанағаттандыруды көздей отырып құрылымданған.

Қазақстанның оңтүстік өңірінің әлеуметтік және инновациялық әлеуетін одан әрі дамыту мақсатында, қоғам мен бизнестің қажеттіліктерін қанағаттандыратын, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау үшін білім беру қызметтеріне сай 6M011700-Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының мақсаты Стратегиялық жоспарда көрсетілген бағыттарды басшылыққа алған. Сонымен қатар Университеттің академиялық саясатында (Ғылыми кеңесінің 27.01.2016 жылғы №6 хаттамасымен бекітілген) айқындалған жүйелерге сәйкес жасалған.

Миссияны жүзеге асыру үшін, стратегиялық жоспарға, мақсаттар мен міндеттерге, өзекті біліктілік пен құзыреттілік алу жолындағы магистранттардың сұранысына сәйкес Университеттің Ғылыми кеңес мәжілісінде бекітілген 6M011700-Қазақ тілі мен әдебиеті Білім беру бағдарламасының мақсаттары былайша айқындалған:

- білім алу бағытын дұрыс таңдап, кәсіби шеберлігін жетілдіру арқылы Қазақстан Республикасы үшін жоғары элиталы маман қалыптастыру;
- бітіруші магистранттардың білім негіздерін терең меңгеруі;
- таңдаған ғылым саласында ғылыми-зерттеу және ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру;
- бітіруші магистранттардың өз бетімен жаңа ғылыми білімдерді меңгеру дағдыларын қалыптастыру;
- ғылыми-зерттеу жұмысының жаңа әдіснамалық әдіс-тәсілдерін меңгерту және т.б. (№12 хаттама, 28.06.2017 ж.). Мақсатта жалпы бәсекеге қабілетті жаңа толқын маманға қажетті біліктілікті қалыптастыруға мүмкіндік беретін мәселелер қамтылғанымен, онда дәл осы мамандықтың ерекшелігін айқын көрсететін бағыттарға тиісті деңгейде назар аударылмаған. Мамандықтың мақсатында, ең алдымен, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығында оқитын, білім алатын болашақ магистрдің ғылыми әлеуетін жоғарылатып, оның кәсіби шеберліктерін, ғылыми ізденім дағдыларын дамытуға қажетті бағыттар қамтылғанда дұрыс болар еді.

Білім беру бағдарламасы магистрантқа орталықтандырылған білім беру,

оқыту және бағалау акцентімен аймақтың және мемлекеттің экономикасын дамыту мен еңбек нарығының сұранысын көздей отырып түзілген.

Бағдарлама мақсаттары динамикасын дәлелдейтін факторының бірі - БББ мазмұнын анықтауда аймақтағы жұмыс берушілермен келісу, жұмыс берушілерді (мектептер, колледждер, т.с.с.) тарту болып табылады. Білім беру бағдарламаларын дайындау (білім беру бағдарламаларын жобалау, әзірлеу, талдау) үшін жұмыс берушілер жұмыс тобының құрамына енеді. Мысалы, А.Байтұрсынұлы атындағы №50 мектептен Қ.Б.Саржанова, №18 колледжден Т.Б.Еримбет, М.Әуезов атындағы ОҚГУ-дан Л.А.Булетовалар әзірлеушілер ішінде болды. Таңдау модульдер тізбесін айқындауда білім беру бағдарламалары жұмыс берушілердің заманауи талаптарына сәйкес келетін, сонымен қатар, жоғары оқу орындары түлектері жоғары білікті маман болуына ықпал ететін пәндермен толықтырылуына мән беріледі. Сонымен қатар олар магистрлік жұмыстарды рецензиялауға, түлектерді қорытынды бағалауға қатыстырылады.

Білім беру бағдарламалары ұлттық деңгейде қабылданған нормативтік, МЖМБС талаптарына сәйкес жасалған. АӘИУ-нің 2014-2018 жж. Стратегиялық даму жоспарының, Нормативтік-құқықтық құжаттар жиынтығында (КП АӘИУ-07-2013) қабылдануына байланысты университеттің құрылымдық бөлімшелері басшыларынан тұратын жұмыс тобы университеттің сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясатын әзірлеген.

Сапа саласындағы саясат жобасы құрылымдық бөлімшелер кеңінен танысу және талқылау үшін университеттің электронды желісіне қойылған. ПОҚ және оқу-көмекші қызметкерлердің қатысуымен факультеттерде кеңестер өткізілген, оның барысында сапа саласындағы саясат талқыланды. Келіп түскен ескертулер мен ұсыныстар Үйлестіру кеңесінің отырысында қаралып, түпкілікті нұсқасы тұжырымдалған (2014 жылдың 14 қыркүйегіндегі Үйлестіру кеңесінің отырысының №1-хаттамасы) сапаны қамтамасыз ету саласындағы Саясат қабылданған. Саясат мәтіні барлық факультеттердің, кафедралардың, құрылымдық бөлімшелердің қабырға бұрыштарында, университеттің сайтында (www.rsiiu.kz) орналастырылған.

Университеттің ішкі сапасын қамтамасыз ету жүйесі үдеріске жақын негізделген, жүйелі түрде анықтау мен үдерістерді басқаруды, сондай-ақ, сапа саясатына және стратегиялық бағыттарына сәйкес күтілетін нәтижелерге қол жеткізу үшін жасалатын өзара әрекеттерді қамтиды. Әрбір үдерісті және жалпы жүйені басқару ИСО 9001-2008 халықаралық стандарт талаптарына сәйкес, PDCA циклын қолдана отырып жүзеге асырылады.

Білім беру бағдарламаларының сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясатын қалыптастыру мен қолдауға әкімшілік, профессор-оқытушылар құрамы және магистранттар қатысады. Сонымен қатар осы үдеріске сыртқы мүдделі тараптар да (мектеп, колледж, жоо мамандары мен басшылары) қатыстырылады.

Оқу үдерісін жетілдіру, дамыту жұмыстарын жүзеге асыру ережелері АӘИУ құқықтық-нормативтік құжаттар жиынтығында (Ғылыми кеңестің 29.08.2013 жылғы №1 хаттамасымен бекітілген) келтірілген. Құжатта БББ сапасына кепілдікті қамтамасыз ететін жүйе жасалған: күтілетін оқыту нәтижелерін айқындау; ОПҚ жетістіктерін бақылау; білім алушылардың жетістіктерін бақылап, қадағалау; БББ мазмұныны үнемі талдап, толықтырып отыру; оның жүзеге асырылуына бақылау жасап отыру, тұтынушылар, жұмыс берушілер және т. б. мүдделі тараптармен тұрақты өзара қарым-қатынас жұмыстарын атауға болады.

Жоғары оқу орындарыда ескертулер, шағымдар (наразылықтар) және ұсыныстар үшін жәшіктер орнатылған, оған кез келген адам жасырын немесе ашық хабарлама қалдыра алады.

Кафедрада «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша магистранттардың кәсіби құзыреттіліктерін дамыту мақсатында құрылған әдеби бірлестік жұмыс жасайды. Білімгерлердің оқу жұмысының сапасын арттыру үшін, сонымен қатар ғылыми ізденістер жасауға бағыт-бағдар беру үшін ғылыми үйірмелер жұмысын жолға қою қажеттілігі байқалды. Сонымен қатар нақты жоспарлар құрып, Жас ғалымдар кеңесінің де жұмысын жандандыру қажет.

Магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру университеттің академиялық саясатындағы сәйкес ережелерге сай орындалады. Магистранттың білім алу траекториясы одан 1-курстан бастап ғылыми-зерттеу жұмысының дайындығын қажет етеді. Әрбір магистрантқа ғылыми жетекші тағайындалады, оның міндетіне мақалалар мен магистрлік жұмыс жазуға методикалық көмек көрсету кіреді. Магистранттармен әңгіме барысында және кафедрадағы магистрлік диссертациялар тақырыбын бекіту құжатында (Университет ректорының 2017 жылдың 26 қазанындағы № 011М бұйрығымен бекітілген) диссертация тақырыптарының білім беру бағдарламасының талабына сәйкес келмейтіні анықталды. Мысалы, Н.Ө.Бекеннің зерттеу тақырыбы: «Сайын Мұратбеков прозасындағы лиризм», ал, А.Өмірәлінің зерттеу жұмысының тақырыбы: «Қазақ прозасындағы араб, парсы кірме сөздердің семантикалық сипаты» деп берілген. Бұл магистрлік зерттеу жұмысының тақырыптары бірыңғай теориялық бағытта ұсынылғанын көрсетеді. Магистранттар білім беру бағдарламасы бойынша дайындалып жатқандықтан, олардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының тақырыптары да тіл мен әдебиетті оқыту саласына қатысты алынуы керек еді.

Магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарға қатысуға, ғылыми баяндамалар дайындауға, конференцияларға қатысуға, ғылыми үйірмелерде жұмыс істеуге, мақалаларды ғылыми жетекшісімен ортақтасып шығаруға мүмкіндігі мол.

Есеп беру кезеңінде магистранттар жыл сайын университетте өтілетін аймақтық конференцияларға қатысады. Атап айтқанда, магистранттар «Түркі халықтарының тарихы мен мәдениеті – қазақ хандығының рухани өзегі»;

«Қазақстан тәуелсіздігіне – 25 жыл»; «ЭКСПО- 2017 – болашақ технологияларына көпір» атты студенттік, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда баяндама жасаған. Магистранттардың 30% астамы осы конференциялар жинағында мақала жариялаған.

Магистранттардың ар-намыс кодексі, моральдық нормалар, міндеттемелерді және қазақстандық қоғам мен мемлекеттің жалпыға танылған адамгершілік принциптері мен нормаларына негізделген адал мінез-құлық жүйесін анықтайтын университет қызметкерлерінің моральдық-этикалық Кодексінде жазылған.

Дәстүрлі түрде университетте Жастар ісі жөніндегі Комитет «Сыбайлас жемқорлықсыз сессия» жастар акциясын, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қатысуымен дөңгелек үстелдер өткізіледі. ОПҚ «Құқықтық сауаттылық» атты қызметкерлер мен магистранттарға дәрістер оқиды. Мысалы, 2017 жылдың 21 қарашасында ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің ОҚО бойынша департаментінің Мемлекеттік қызмет көрсету басқармасының бас маманы А.Джумакулов және маман Ғ.Жундибаев «Сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында университет ұжымы мен магистранттарға семинар өткізіп, баяндамалар жасаған.

Ескерту: Магистрлік диссертация тақырыптарының білім беру бағдарламасының талабына сәйкес келмейтіні анықталды.

Ұсыныс: Магистрлік диссертация тақырыптарының білім беру бағдарламасының талабына сәйкес келуін, ғылыми-зерттеу жұмысының оқыту әдістемесімен сабақтастықта болуын нақты талап ретінде қою керек.

СТАНДАРТ 2.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ, БЕКІТУ ЖӘНЕ АҚПАРАТТАРДЫ БАСҚАРУ

Мамандық бойынша білім беру бағдарламасын басқару талапқа сай жүргізіледі. Бұл үдеріс мынадай кезеңдер бойынша жүзеге асырылады: мүдделі тараптардың ұсыныстары мен талаптарын талдау; білім беру бағдарламаларының мақсаттарын айқындау; күтілетін оқыту нәтижелері және құзыреттілігі арқылы түлектің моделін қалыптастыру; білім беру бағдарламасының мазмұны мен құрылымын қалыптастыру; оқыту, бағалау әдістерін және білім беру бағдарламасын іске асыру тәсілдерін таңдау; кері және озық байланыс негізінде бағалау және жетілдіру.

Магистратура бойынша әзірленген білім беру бағдарламасы біліктіліктің Ұлттық жүйесіне және мамандықтың кәсіби стандартына сәйкестендірілген. 6M011700-Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша БББ-ның мазмұны кәсіби әлеуеттік құзіреттілікті ғылыми, теориялық және тәжірибелік бағдарлаудың талаптарына сәйкес жасалған. БББ кафедра мәжілісінде, факультеттің, университеттің әдістемелік кеңесінде талқыланған, ректордың қолымен бекітілген.

Бекітілген БББ негізінде оқу жоспары (НОЖ) даярланады. 6M011700-Қазақ тілі мен әдебиеті магистранттарының БББ оқу жұмыс жоспарлары (ОЖЖ) күндізгі оқу формасы бойынша даярланған.

Білім беру бағдарламаларының мазмұны білім беру деңгейінің талаптары бойынша әзірленген. Магистрантқа орталықтандырылған БББ-да күтілетін нәтижелер нақты көрсетілген. Олар түйінді және құрамдас құзіреттер түрінде сипатталған. Келтірілген түйінді құзіреттер әлеуметтік, кәсіби рөлдердің ауысуына дайындықтың, географиялық және әлеуметтік ұтқырлық жағдайындағы өсу динамизмі өзгерістерінің негізгі талаптарына жауап береді. Кафедрада басты назар кәсіби құзіреттілікті қалыптастырудың негізгі көзі ретінде магистранттардың бойындағы біліктілік, креативті ойлауға жетелейтін оқу-танымдық, ғылыми-зерттеушілік қабілеттерді дамытуға аударылады. БББ күтілетін нәтижелері жалпы білімділік (M1.1, M1.2, MB1.3), әлеуметтік- этикалық (M2.3) және кәсіби-басқарушылық (M2.2, M4.1, M4.2) құзіреттерге бөлініп берілген (БББ құзіреттіліктер паспорты, 25.08.2015 ж).

Білім беру бағдарламасында магистранттардың талап-тілектері мен еңбек нарығы тарапынан сұраныстардың бағыттары ескерілген. Бұл бағытта жұмыс берушілердің ұсыныстары назарда ұсталынған. Мысалы, 2017-2018 оқу жылында БББ-на «Қазақ драматургиясы тууы, қалыптасуы, дамуы», «Қазақ тілі синтаксисінің коммуникативтік аспектісі» сияқты пәндер енгізілген. Білім беру бағдарламасының оқу жоспарының міндетті компоненті бойынша негізгі (жұмыс) оқу жоспарының (НОЖ) құрылымы мен мазмұнына сәйкес келеді ҚР ТОЖ-на (2010, 2013, 2016) және жалпы міндетті компоненттің 11 модулін қамтиды.

Таңдау бойынша модульдерге берілген кредиттер семестрлер бойынша тең бөлінген. Сондай-ақ, семестрлердегі емтихан саны, кредиттер саны көрсетілген, практиканың семестр бойынша бөлінуі және қорытынды аттестаттау модулі көрсетілген.

Білім беру бағдарламасының мазмұны отандық және жекелеген шетелдік жоғары оқу орындарының ұқсас бағдарламаларымен үйлестірілген, ECTS типі бойынша кредиттерді қайта тапсыру тәртібі бекітілген.

Білім беру бағдарламасының жалпы еңбек сыйымдылығы 59 кредитті құрайды. Кредиттердің бөлінуі Типтік оқу жоспарына сәйкес келеді.

Базалық кәсіби модуль болашақ магистрдің мамандығы бойынша іргелі білім қалыптастыруға бағытталған. 6M011700-Қазақ тілі мен әдебиеті БББ оқу жоспарларының құрылымы мен мазмұны типтік оқу жоспарлары мен элективті модульдер (пәндер) каталогіне (2014 жылдың 25 сәуіріндегі № 5 хаттама) сәйкес келеді. Оқу жұмыс жоспары (ОЖЖ) бір оқу жылына даярланады. ССоның негізінде магистранттың жеке оқу жоспары (ЖОЖ) жасалған.

БББ негізгі (жұмыс) оқу жоспары (НОЖ) құрамында курстар бойынша уақыт бюджетімен берілген оқу үдерісінің кестесі, кредит саны көрсетілген модульдер тізімі бар.

Білім беру бағдарламаларында кәсіби тәжірибені жүзеге асыру педагогикалық және зерттеу түрлері бойынша жүргізіледі. Педагогикалық практика көлемі, барысы, ұйымдастырылу шарттары «Магистратураның іс-тәжірибесі нұсқаулығында» (№1 хаттама, 25.08.2017) толық қамтылған.

Іс-тәжірибенің барлық түрлері бойынша әдістемелік құралдар әзірленеді (іс-тәжірибе бағдарламасы және іс-тәжірибені ұйымдастыру бойынша әдістемелік нұсқаулар, күнделік және т. б.). Нормативтік құжаттарға сәйкес тәжірибенің барлық түрлері бойынша жұмыс бағдарламалары, әдістемелік нұсқаулар жасалып бекітілген. Нұсқаулықта практиканың мақсаты нақты қойылып, оны жүзеге асырудың міндеттері мен шарттары дұрыс берілген. Практиканың қорытынды нәтижелерін саралау, бағалау түрлері мен критерийлері көрсетілген.

6M011700-Қазақ тілі мен әдебиеті бойынша МЖБС және БББ негізгі оқу жоспарына сәйкес магистранттардың тәжірибенің екі түрінен өтуі қарастырылған: 1) Зерттеу тәжірибесі; 2) Педагогикалық тәжірибе;. НОЖ-да кәсіби тәжірибеге 6 кредит берілген.

Университетте профессор-оқытушылар құрамы материалдардың оқу-дидактикалық базасын қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізеді, РОӘК және университеттің Ғылыми Кеңесі ұсынған оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар шығарылады. Мысалы, есеп бойынша 2014-2017 оқу жылында 17 оқу құралы жарияланған. Құралдар оқу үдерісінің сапалы, дұрыс ұйымдастырылуын қамтамасыз етеді.

Мамандықтың білім беру бағдарламалары мамандықтың (МОӘК) және пәндердің оқу-әдістемелік кешендерімен (ПОӘК) қамтамасыз етілген. Кафедрада оқытылатын әрбір пәнге арнайы оқу-әдістемелік қамтамасыз ету картасы жасалады және пәндер тізімін жыл сайын жаңа әдебиеттермен толықтырылу талабы бар. Әйтсе де, кафедрадағы пән силлабустарымен танысу барысында негізгі әдебиеттер тізімінде кеңестік кезеңдегі еңбектердің әлі де басым екені анықталды. Кітапхана қорымен танысу кезінде де заманауи әдістеме ғылымының жетістіктеріне арналған жаңа әдебиеттердің үлес салмағы аздығы бюайқалды.

Білім беру бағдарламаларын бағалау үдерісіне магистранттар да қатысады. Жыл сайын кафедрада БББ-на магистранттардың қанағаттану дәрежесі анықтау бағытында сауалнама жүргізіледі.

Оқу жоспарына міндетті қосымша ретінде элективтік модульдер каталогы (ЭМК) жасалады. Бірақ элективтік пәндер модулінде балама пәндерді енгізуге көңіл аудару қажеттігі анықталды. 6M011700-Қазақ тілі мен әдебиеті БББ элективтік модулінің каталогында қамтылған модульдер тізімі еңбек нарығын, жұмыс берушілер мен білім алушылардың пікірлерін есепке ала отырып, кәсіби білімді игеруге, ғылымдағы инновацияларды көрсетуге мүмкіндік береді. Ғылымның даму қарқынын ескеріп, ЭМК-ге «Қазақ драматургиясы тууы, қалыптасуы, дамуы» «Қазақ тілі синтаксисінің коммуникативтік аспектісі» пәндері енгізілген.

БББ «Кредиттік технология бойынша оқыту ережелеріне» сәйкес іске

асырылған жағдайда білімгерлердің курстан курсқа өтуін қамтамасыз етеді (GPA негізінде) және келесі білім беру деңгейінде оқытуды жалғастыру үшін жағдай жасайды: Университетте ECTS кредиттерін қайта есептеу туралы ереже көрсетілген СМЖ процедурасы мен университеттің «Академиялық саясаты» құжатында келтірілген.

Магистрантты даярлау бойынша білім беру үдерісінің аяқталғандығының негізгі критерийі студенттің кем дегенде 59 кредитті игеруі немесе кем дегенде 2655 сағат теориялық білім алуы болып табылады. Бітіруші магистранттар үшін кешенді емтиханның, диссертация қорғау кезеңі Университеттің академиялық күнтізбесіне сәйкес келеді. Олардың өткізілу арасындағы уақыт мерзімі бір айдан асады.

Қашықтықтан оқыту технологиясы магистратура деңгейінде білім алушылар қолданылмайды.

Магистранттарға сауалнама өткізу олардан кері байланыс алудың қажетті ресми рәсімі болып табылады. Оның нәтижелері білім алушылардың білім беру бағдарламаларна, жалпы оқыту үдерісінң сапасына қанағаттануы туралы барынша толық ақпарат береді. Сапаны бақылау нәтижелері аналитикалық есептер түрінде ресімделеді және университеттің Ғылыми кеңесінде қарастырылады. Талдаудың қорытындысы бойынша басшылыққа тұтынушылардың пікірін ескере отырып, университеттің қызметін жетілдіру бойынша шараларды жүзеге асыру туралы ұсыныстар енгізіледі. Мысалы, аккредиттік тексеріс кезіндегі магистранттардың білім беру бағдарламасына, оның білім беру траекторияларына қанағаттануы туралы жүргізілген сауалнама бойынша сабақ мазмұнына толық қанағаттанатындардың саны - 97 пайыз; көрнекіліктер мен оқытуда техникалық құралдардың пайдалану деңгейіне - 98,9 пайыз; оқытушылардың аудиторияда шығармашылық пен белсенділік таныту деңгейіне - 83,7 пайызды көрсетті.

Бос орындар жәрмеңкесінің қорытындысы бойынша түлектерді жұмысқа орналастыру деңгейіне жыл сайын талдау жүргізіледі. Соңғы жылдары ББ 6M001700-Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша түлектерге сұраныс 72% деңгейі тұрақты болып қалып отыр. Сондай-ақ, тек жалпы білім беретін мектептен ғана емес, орта арнаулы білім беретін мекемелерден де ұсыныс түсе бастаған. Мысалы, Г.Байқонысоваға «Жалын» колледжінен сұраныс келіп түскен.

Білім алушының университеттен кейінгі білім алу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін университет білім беру бағдарламаларын жасағанда олардың мазмұнын түзуде үздіксіздік, жүйелілік, сабақтастық принциптерін ұстанады. Мысалы, 6M001700-Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығын 2015 жылы бітірген бакалавр Мақанов Нұрсұлтан 6M011700-Қазақ тілі мен әдебиеті БББ-ның магистратураға түсіп, оны 2017 жылы бітірген.

Ескерту: Кітапхана қорында заманауи әдістеме ғылымының жетістіктеріне арналған жаңа әдебиеттердің үлес салмағы аз.

Ұсыныс: Кітапхана қорында заманауи әдістеме ғылымының жетістіктеріне арналған жаңа әдебиеттердің үлес салмағын көбейту қажет.

СТАНДАРТ 3.

МАГИСТРАНТҚА ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН ОҚЫТУ, БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

Білім алушыға бағдарланған оқыту жүйесінде магистранттардың кәсіби тұрғыдан шыңдалуына мүмкіндіктер жеткілікті деңгейде қарастырылған. 6M001700-Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының магистранттары жыл сайын аймақтық және республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобаларға, интеллектуалдық ойындар мен ғылыми семинарлар, дөңгелек үстелдер, конкурстар, зияткерлік ойындарға қатысады. Магистранттар 2017 жылы ҚР Тілдері мерекесінде «Қазіргі әліпбидің өзекті мәселелері» тақырыбында «Дөңгелек үстел» ұйымдастырды (18.09.2017 ж., хаттама №2). Терроризм мен діни экстремизмнің алдын алу үшін Дін істері департаментінің әлеуметтік бастамалары орталығының қызметкерлерімен кездесулер өткізіліп тұрады.

Магистрлік өзін-өзі басқару жұмысының жоғары органы – жастар комитетінің міндеті жастардың қоғамдық ұйымдары мен бірлестіктерін үйлестіру, сондай-ақ, университетте жастар саясатын жүзеге асыру деп белгіленген. Магистранттың өзін-өзі басқару жұмысының тиімділігін әрбір сессиядан кейін магистранттардың тәуелсіз сауалнама берген жауаптарынан көрінеді. Магистранттар сауалнама арқылы өз пікірлерін білдіреді және ұсыныс айта алады. Аккредитация кезінде жүргізілген сауалнамада да магистранттар оқу үдерісіне қатысты пікірлерін білдірді: «Қазіргі жаңа технологияларды қолданса»; «жоғары оқу орнындағы қағазбастылықты жою керек», «аудиториялардың түгелдей компьютермен, интерактивті тақталармен жабдықталса», «оқу гранттары бөлінсе» және т.б. пікірлер магистранттардың өз ұсыныстарын беріп отыратынын көрсетеді. Университетте «Сенім почтасы және телефоны» жұмыс істейді. Білім алушымен тікелей байланыс жасау үшін университет сайтында ректор блогы бар (rsiu@mail.ru).

Университетке оқуға түскен кезеңнен бастап магистрант өзінің білім алу траекториясын жасайды. Магистрант дербес оқу жоспарын мамандықтың типтік оқу жоспары негізінде әр оқу жылына жасайды, осы үдерісте элективті модуль каталогы оқу траекториясын жасауға мүмкіндік береді.

6M001700-Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының магистранттары білім беру бағдарламасының мазмұнын бағалау және оқыту әдістерін талдауға қатысады. Магистрантқа түрлі білім траекторияларының, элективтік оқу пәндерінің тізбесін модульдік жүйеге сәйкес Тілдер кафедрасы ұсынады. Оқу жұмыс жоспары траектория бойынша жүргізіледі: 1) Филологиялық талдау аспектілері; 2) Қазақ тіл білімі мен әдебиетінің өзекті мәселелері.

Білім беру бағыттарын жүзеге асыруда әрбір білім алушымен жеке жұмыс жүргізу қағидаты қолданылады. Platonus бағдарламасында

магистранттың жеке оқу бағдарламасы жасалады. Магистранттың білім алу бағыты жеке оқу бағдарламасы негізінде жүргізіледі, бұл әрбір магистранттың жеке білім алу траекториясында жасалады. Оқу пәндерін тіркеу эдвайзердің көмегімен жүзеге асырылады. Бекітілген білім беру бағдарламасы және олардың нормаларын сақтаудың Ережелері жасалған (29.08.2013, №1 хаттама).

Ағымдағы оқу жылында жүргізіліп отыратын әлеуметтік сауалнама нәтижелері магистранттардың оқу үдерісіне қанағаттануын және АӘИУ-де оқудың жайлылығын анықтауға көмектеседі. 51% -дан 100% -ға дейін магистранттар педагогикалық қызметкерлерге сенім білдірген. Қиын сәттерде студенттердің 47% -дан 95% -на дейін жетекшінің кеңестеріне мұқтаж болған. 45,5% -дан 80% -ға дейін өз пікірін сабақтарда еркін білдіруге болатынын; 71%-дан 96%-ға дейінгі аралықта білім алушылардың оқытушылардың сабақтарының деңгейін жоғары бағалайтынын көрсетті.

Білім алушыға орталықтандырылған жүйе талаптарына сәйкес оқытушылар жыл сайын семинарлар мен практикалық тренингтерге қатысып, өздерінің кәсіби шеберліктерін, оқыту әдістерін жетілдіріп отырады. Мысалы, студентке орталықтандырылған білім беру технологиясы бойынша ф.ғ.к., Танабаева Г. Тәуелсіз білім беру сапасын қамтамасыз ету қазақстандық агенттігінде 05.10.2017 жылы білімін жетілдірді (сертификаты бар). Ф.ғ.к., Танабаева Г. оқу қорытындысы бойынша кафедраның ПОҚ және магистранттарға студенттік орталықтандырылған білім беру мәселесі жөнінде семинар өткізген (№4 хаттама, 16.10.2017 ж.).

«Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасында оқуға деген терең қызығушылық танытқан, сондай-ақ, оқуда қиындықтары бар білім алушыларға әлеуметтік, психологиялық қолдау көрсету бойынша шаралар жүйесі жүзеге асырылып отырады.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасы БББ үшін қосымша қызметтерді ұсынудың тиімділігін үнемі қадағалап отырады, оларды жетілдіреді. Негізгі мақсат - әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық, медициналық, ғылыми-әдістемелік, ақпараттық-әдістемелік, ұйымдастырушылық (үйлестіру) іс-шараларды жүзеге асыру арқылы кешенді тәсіл негізінде жүзеге асырылады.

Бұқаралық спорт және спорттық іс-шаралар, атап айтқанда, көктемгі спартакиада өтеді. Университеттің спортзалында, негізгі сабақтардан басқа, жабық ғимараттарда (волейбол, баскетбол және басқалар) спорттық ойындарға, сондай-ақ спорттық жарыстарға арналған жарыстар өткізіледі.

Университетте кітап қоры мен мерзімді басылымдар қорымен қатар, электронды кітапхана жұмыс істейді. Оқытушылар мен білім алушылар түрлі абонементтерді, отандық және шетелдік деректер базаларын пайдалана алады.

Кафедрада «Академиялық ұтқырлық бағдарламасын ұйымдастыру туралы ережесіне» сәйкес жұмыстар жүргізіледі. Мысалы, магистрант Қарынбаева Гүлдарига сыртқы академиялық ұтқырлық бойынша білім алды.

Аймақтық университет үшін академиялық ұтқырлық жұмыстарын жетілдіру қажеттігі байқалды. Магистранттардың отандық іргелі жоғары оқу орындарында білім алуына мүмкіндіктерді қарастыру қажет. Сонымен қатар, жетекші мамандарды дәріске шақыру мәселесін де шешуді ойластыру керек.

Университеттегі магистранттардың дайындық деңгейі мен оқу үдерісіндегі жетістіктерін бағалау мынадай нормативтік құжаттарға сәйкес: УЕ-АӘИУ-052-2014 «Білім беру үдерісін білім берудің кредитті технологиясы бойынша ұйымдастыру», сондай-ақ ішкі ережелер мен СМЖ іс-шараларына сәйкес: «Білімін бағалау», «Оқу үдерісіндегі жетістіктерін бағалау», «Білімін қадағалау жүйесі», «Академиялық қарыздарын жоюы», «Жазғы семестрді ұйымдастыру және өтуі» және «Білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бағалау» және «Білім алушылардың оқудағы жетістіктерін қадағалау» қаулысы бойынша орындалады.

Магистранттар емтихан және басқа да бақылау түрлерінің нәтижесі туралы университеттің ақпараттық автоматтандырылған «Platonus» жүйесі арқылы жеке кабинеттерінен біле алады.

Пәндер бойынша ағымдық аралық және аралық бақылау талаптары туралы толық ақпарат силлабустарда көрсетілген. Магистранттардың білімдері мен дағдыларын бағалаудың критерийлері мен әдістері ашықтық, объективтілік және әділеттілік талаптарына сай силлабустарда ұсынылған. Дегенмен, МӨЖ/МОӨЖ тапсырмаларының арасындағы сабақтастықты, олардың білім беру бағытымен, магистранттардың ғылым-зерттеу тақырыптарымен сәйкестігіне назар аударылуы қажет.

6М001700-Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша БББ өлшемдерге сәйкес және бағалау әдістерін пайдаланады, оның студенттік оқу нәтижелерін ішкі мониторинг жүйесі бар. Ішкі мониторингтің негізгі міндеттері БББ бойынша білім сапасын жақсарту, жеке оқу пәндері бойынша магистранттардың үлгермеу себептерін анықтау болып табылады. Магистранттарды оқыту сапасына қанағаттанушылық тұрғысынан ББ 6М001700-Қазақ тілі мен әдебиеті бағдарламасы бойынша аккредитациялық тексеріс барысында магистранттармен жүргізілген әңгіме, сауалнама нәтижелері олардың ПОҚ-тың біліктілігіне, пәндердің оқытылу сапасына қанағаттанатынын көрсетті.

Рейтингтік апталар мен емтихан сессиясының нәтижелері кафедра мәжілістерінде талқыланады. Толық ақпарат алу үшін ресми веб-сайт (www.rsii.kz), «Platonus» автоматтандырылған ақпараттық жүйесінен, АӘИУ қызметінің барлық бағыттары мен қызметін көрсететін электронды құжат айналымын пайдалана алады. Сондай-ақ, Wi-Fi желісіне қатынау нүктелері бар, сондықтан университеттің магистранттары ғаламдық Интернетті қолданады және ақпараттық порталдарға қол жеткізе алады. Алайда, бұл жүйенің жұмысын әлі де жандандыру қажет. Сыртқы аудит кезінде оқу корпустарының барлығында бірдей бұл жүйенің әлі де өз деңгейінде емес екені көрінді. Интернет желісінің дұрыс қосылмауы байланыс жүйелеріндегі ақаулықтар бар екеніне дәлел бола алады.

БББ-на сәйкес, магистранттардың шағымдарын / өтініштерін қараудың ресми тәртібі қолданылады. Бағалау саясаты мен рәсімі ілім алушылар үшін ашық және қол жетімді. Ректордың бұйрығымен Апелляциялық комиссия құрылады, оның біліктілігі шағымдану тәртібіне сәйкес келуі ескеріледі. Университеттің басшылығы мен студенттер арасында үнемі кездесулер өткізіліп тұрады, соның арқасында жастар білім беру үдерісінің жағдайын жақсарту бойынша ұсыныстар енгізе алады. Сенім телефоны 8 (7252) 35-94-46, шағымдар мен ұсыныстар терезесінде - шолу студенті шағымдар рәсімі университеті сайтында Ректор блогы (<http://www.rsiu.kz>) арқылы жүзеге асырылады. Университетте плагиатқа және академиялық адалдыққа нөлдік төзімділік саясаты жүзеге асырылуда. «Студенттің ар-намыс кодексі», «АӘИУ-нің студенттік этикасы кодексі» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар жоспары» әзірленген (№1 хаттама, 25.08.2017 ж).

Университет магистранттарының ғылыми ізденіс нәтижелері конференцияларға қатысып, баяндама дайындау, конференцияларға қатысу, және ғылыми жетекшімен бірге жариялайтын мақалаларынан көрініс тауып отыр. Магистранттардың ғылыми жұмыстарға деген ынтасының өсу динамикасы байқалады: 2013 ж. - 15, 2014 ж. - 33, 2015 ж. - 34, 2016 ж. - 34, 2017 ж. - 40 ғылыми мақала жарияланған. Сыртқы аудит кезіндегі магистранттармен жүргізілген сұқбаттар нәтижесінде олардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына қызығушылығын арттыру мақсатында ғылыми үйірмелер жұмысын, Жас ғалымдар кеңесінің жұмысын жандандыру қажеттігі айқандалды. Университетте білім алушылардың жыл сайын өтетін дәстүрлі ғылыми-практикалық конференциясын ұйымдастыру қажет. Кітапханада жүйелі каталог және картотека кабинеті бар. Кітапхана қорымен жұмысты анықтамалық-іздістіру аппараты жеңілдетеді. Кітапхананы және библиографиялық процестерді автоматтандыру «ИРБИС» автоматтандырылған бағдарламасының негізінде жүзеге асырылады. Кітапхана қорына кіретін барлық әдебиеттер кітапханалық-библиографиялық классификацияға сәйкес жүйеленген Кітапханада электронды оқулықтар бар, бірақ заманауи талаптарды ескеріп, олардың көлемін арттыру қажет.

Ескерту: Магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына қызығушылығын арттыру мақсатында ғылыми үйірмелер жұмысын, Жас ғалымдар кеңесінің жұмысын жандандыруға жете назар аударылмаған.

Ұсыныс: Магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына қызығушылығын арттыру мақсатында ғылыми үйірмелер жұмысын, Жас ғалымдар кеңесінің жұмысын жандандыру қажет.

СТАНДАРТ 4.

СТУДЕНТТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ, ҮЛГЕРІМ, ТАЛУ ЖӘНЕ СЕРТИФИКАТТАУ

Білім алушыларды жасақтауды қалыптастыру АӘИУ қабылдау комиссиясы арқылы келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады: қалалық және аудандық мектептерде кәсіптік бағдар беру жұмысы, оқушылармен және колледж түлектерімен кәсіптік бағдар беру жұмысы жүргізіледі. Мамандыққа қатысты Тілдер кафедрасында Кәсіби бағдар жұмысының жоспары жасалған (№1 хаттама, 25.08.2017 ж.) Жыл сайын АӘИУ-де студенттерді қабылдау ережелері бойынша кәсіби бағдар жұмыстары жүргізіледі. Магистратураға қабылдау шарттары мен ережесі туралы ақпарат, қажетті құжаттар тізбесі, мамандықтар тізімі, қазақ және орыс тілдеріндегі түсу емтихандарының бағдарламалары, емтихан қабылдау кестесі, нормативтік құжаттар, хабарландырулар және т. б. университеттің (www.rsii.kz) ресми сайтында, сондай-ақ, ақпараттық қабырға бұрыштарында орналастырылған. Оқуға түсушілерге арналған мамандықтар тізбесі, оқуға және жеңілдіктерге құжат қабылдау мерзімі «Оңтүстік Қазақстан», «РИО-Талапкер», «Талапкер» газеттерінде, «Мой мир», «Факультет» журналдарында, «Айғақ», «Отырар», «Қазақстан Шымкент» арналарындағы жарнамалық роликтерінде, сондай-ақ, КТК және «Астана» телеарналарының жүгіртпе жолдарында жарияланады (4.1-қосымша). Университеттің магистратураға білім алушыларды қабылдау комиссиясы 10-25 тамыз аралығында жүргізеді.

Магистранттың жол сілтегіш-анықтамалық АӘИУ web-сайтында (www.rsii.kz) тіркелген.

Факультетте басқа жоғары оқу орындарынан ауысып не академиялық ұтқырлық бойынша келген магистранттар үшін іс-шараларды ұйымдастыратын тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары жауапты болып саналады.

Магистранттарды оқуға қабылдау үшін жоғары оқу орындарының саясаты мен маркетингі, білім беру бағдарламаларына қабылдау шарттары мен ерекше қабылдау шарттары (шет тілін білуі, кәсіби тәжірибесінің бар болуы және т.б.) көрсетілген. Университетте білім беру бағдарламасы мен білім беру деңгейі түрлері бойынша орталықтандырылған «Platonus v3.0» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі 24 сағаттық тәртіппен жұмыс жасайды. Ол университеттің www.rsii.kz веб-сайтына орналастырылған.

Жүйенің мәліметтер қорында білім беру деңгейлері мен БББ бойынша білімгерлер контингенті, олардың жеке оқу жоспарлары, академиялық үлгерімдері, т.с.с. толық мәліметтер бар. Сонымен қатар, қажетті ақпарат (сабақ кестесі, пән бойынша ұпай және т.б.) алуға мүмкіндік беретін оқытушы және магистранттардың жеке кабинеттері іске қосылған.

Университеттің ақпараттық-талдау жұмыстарының нәтижесінде анықталғандай, білімгерлердің 92%-ы ауылдық мектеп бітірушілерінен тұрады. 6M011700-Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының білімгерлері ақылы түрде оқытылады.

Аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу үшін жазбаша, ауызша, шығармашылық, тест емтихандары қолданылады. 2015-2016 оқу жылында 2012-2013 оқу жылымен салыстырғанда күндізгі оқу бөлімі бойынша ауызша және жазбаша емтихан үлгілерінің көбейгені байқалады.

Университетте оқу жоспарының кейбір пәндері үшін стандартталған тесттердің электрондық деректер базасы құрылған. Тест сұрақтары оқу пәндері бойынша жасалады. Нормативтік құжаттар жинағы талабы бойынша, 1 кредиттік пәнге - 200 сұрақ, 2 кредиттік пәнге -350 сұрақ, 3 кредиттік пәнге - 500 сұрақ және 4 кредиттік пәнге - 600 сұрақ дайындалады.

АӘИУ-де тест және емтихан билеттері мазмұнының сапасын бағалау «Университет білім алушыларының ағымдағы бақылау үлгерімін, аралық және қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру ережесімен» реттеледі. Аралық, қорытынды аттестаттау емтихандарының билеттері мен тесттері жыл сайын қайта қаралады, жаңартылады.

Мамандық бойынша магистранттардың оқу жетістіктерін бағалау статистикасын есептеу кезінде білім алушының оқудағы жетістіктерін орташа деңгейін бағалауда GPA (Grade Point Average) пайдаланылады. Ол таңдаған мамандығы бойынша білім алушыны ауыстыруға және келесі курсқа көшіру үшін пайдаланылады.

Түлектерді жұмысқа орналастыру кестелік деректері тұрақты қажеттілік үдерісі бар педагогикалық бағыттағы мамандарға жұмыс берушілердің сұранысы артқандығын дәлелдейді. Соңғы төрт жылдағы статистикалық мәліметтер бойынша, университеттің түлектерді жұмысқа орналастыру көрсеткіші: 2013-2014 оқу жылы -93,3%; 2014/2015 оқу жылы -93,9%; 2015-2016 оқу жылы -94,1%; 2016-2017 оқу жылдары -92,5% құрайды.

Жұмыс берушілермен жүргізілген сауалнама БББ қазіргі заманғы білім беру талаптарына сәйкес екенін көрсетеді. 83% жұмыс берушілер мамандықтың БББ түлектерінің жоғары сұранысқа ие екенін көрсетті.

Факультет декандарының өкімімен қорытынды бақылауды қабылдау үшін комиссия құрамы бекітіледі. Онда жетекші профессорлар, доценттер, біліктілігі бар, пәннің бейініне сәйкес келетін, емтихан тапсырушы топтарда сабақ жүргізбеген кемінде 3 емтихан алушы бекітіледі.

Мемлекеттік қорытынды аттестациялауға дайындық пен оны өткізудің қазіргі жүйесі Мемлекеттік аттестациялық комиссия профессор, ғылым докторларының төрағалығымен және озық оқытушылар құрамынан тұрады. Мысалы, Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігі Б.Бейсенов атындағы Қарағанды заң институтының «Тілдік дайындық» кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.д., профессор Жалмаханов Шапағат Шарапатұлы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, ф.ғ.д. Қосымова Гүлбану, Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университетінің

ғылыми-зерттеу жұмыстары және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры, филология ғылымдарының докторы, профессор Досжан Райхангүл Абдуғаниқызы қатысқан. Жинақталған құзыреттіліктер сапасы бейінді пәндер бойынша қорытынды кешенді емтихан мен магистрлік диссертация жұмысын қорғау кезінде бағаланады.

Магистрлік диссертацияға ғылыми жетекшілік ету, негізінен, сол зерттеу саласында, яғни тіл мен әдебиетті оқыту әдістемесі бойынша жаңашыл бағыттағы жарияланымдары бар, ғылыми әлеуеті жоғары мамандардың үлесіне тиесілі. Магистранттармен әңгіме барысында және кафедрадағы магистрлік диссертациялар тақырыбын бекіту құжатында (Университет ректорының 2017 жылдың 26 қазанындағы № 011М бұйрығымен бекітілген) диссертация жетекшілерінің басым бөлігінің білім беру бағдарламасы бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізбейтіні анықталды. С.Боранбаев, Р.Досжан, Б.Бекетов, Р.Қожабековалардан басқа мамандардың жарияланымдар тізімінде оқу-әдістемелік бағыттағы еңбектер көрсетілмеген.

Қорытынды аттестациядан өткен және магистрлік диссертация қорғаған, магистратураның сәйкес кәсіби оқу бағдарламасын меңгергенін дәлелдейтін білімгерге МАК шешімімен 6M011700-Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша білім магистр академиялық дәрежесі беріледі. Университеті бітіруші түлектерге дипломмен бірге еуропалық үлгідегі Diploma Supplement қосымшасын береді.

2016-2017 оқу жылындағы сауалнама нәтижесінде, бағдарлама білім алушылардың 89,2%-ы оқу орнында ұсынылып жатқан қызметтерге толықтай қанағаттанатындықтарын көрсетті. Университет оқу орнының білім беру қызметтерін бағалау үшін магистранттар арасында жүргізілген сауалнама бойынша магистранттардың жалпы қанағаттану деңгейінің орташа баллы 76% көрсеткішті құрады. Дегенмен сырты аудит кезінде магистранттармен жүргізілген әңгіме кезінде, пән силлабустарын талдау барысында магистранттарға білім беруде оқытудың инновациялық технологияларын қолдануға басымдылық беру қажеттігі анықталды. Әлеуметтік сауалнама қорытындысы кафедра мәжілісінде, факультеттің ғылыми кеңесінде жүйелі түрде талқыланып отырады және оның көрсеткіштерін жақсарту жайлы ұсыныстар қабылданып отырады. Университет мониторингтің стандартталған әдістеріне ие, үнемі «Оқытушы магистранттардың көзімен» атты сауалнама жүргізіледі.

Магистрлік диссертация жұмысын орындау сапасын бағалау 23 тамыз 2012 ж. №1080 ҚР Үкіметі бекіткен ҚР МЖМБС және «Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университетінің нормативтік-құқықтық құжаттар жинағына» (29.08.2013 жылы бекітілген) сәйкес жүргізіледі. Білімгерлерді қорытынды аттестаттау академиялық күнтізбе мен мамандықтардың оқу жоспарларында қарастырылған мерзімдерде кешенді емтиханды тапсыру және Магистрлік диссертация қорғау түрінде өткізіледі.

Университеттің академиялық ұтқырлық бөлімшесі магистранттар арасында жетекші Қазақстандық және шетелдік университеттеріндегі

академиялық ұтқырлық бағдарламаларының мүмкіндіктері жайлы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, ақылы және гранттық негіздегі академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша үміткерлердің конкурстық іріктеу жұмыстарын үйлестіріп атқарады. Магистранттардың академиялық ұтқырлық бағдарламасы үйлестірушісі магистранттар арасында конкурс жүргізу комиссиясының жұмысын ұйымдастырады. Конкурс нәтижесі бойынша серіктес жоғары оқу орындарының аккредиттелуін және білім беру бағдарламаларын ескеріп келісім шарт жасалады. Университеттегі академиялық ұтқырлық барысында меңгерілген басқа жоғары оқу орындарының студенттерін қабылдау, тіркеу және кредит санын есептеу 20 сәуір 2011 ж., №152 санды Білім және ғылым министрінің бұйрығына сәйкес «Оқу үдерісін кредиттік технологиясы бойынша оқытуды ұйымдастыру ережелері», ҚР жоғары оқу орындарында білім алушылардың академиялық ұтқырлық концепциясы, (ҚР БҒМ, 19.01.11 ж.), кредиттерді ECTS бойынша қайта есептеу тәртібі туралы ереже (05.09.2011 ж.) бойынша жүзеге асады.

Академиялық ұтқырлық бойынша университет 6 қазақстандық және 3 шетелдік білім беру ұйымдарымен келісім-шарт жасалған. Магистранттарға отандық, алыс және жақын шетелдік жоғары оқу орындарында кредит түрінде қосымша тәжірибе мен құзыреттілік меңгеру үшін академиялық ұтқырлықты (ішкі және сыртқы) жүзеге асыруға көмек беретін қызмет мәселесі толық шешім таба алмаған. Оның себебі білім алушылардың тіл білу деңгейлеріне нақты көңіл бөлу қажет. Бұл мәселе сырты аудит кезінде проректорлармен, магистранттармен жүргізілген сұқбат барысында анықталды.

Университет біліктілікті тану және академиялық ұтқырлық мәселесі бойынша Түркия Республкасының, Тәжікстан Республикасының, Қырғызстан Республикасының, Ресей Федерациясының жоғары білім беру ұйымдарымен келісім-шартқа отырған. Сонымен қатар, білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету мақсатында 2016 жылдан бастап БСҚА агенттігімен тығыз байланыста. 2017 жылы университет БСҚА-ның институционалдық аккредиттеу процесінен сәтті өткен. Бұл университет білім беру қызметінің жоғары деңгейде мойындалатындығын дәлелдейді.

Ескертулер: 1. Магистранттарға жетекшілік ететін ОПҚ-ның ғылыми дәрежесі мен зерттеу бағыттарының мамандыққа сәйкестігі ескерілмеген (63-бапқа біліктілік талаптарына сәйкес келмеген).

2. Оқыту үдерісінде білім берудің инновациялық технологияларын кеңінен қолдану қажеттігі байқалды.

Ұсыныс: 1. Магистранттарға жетекшілік ететін ОПҚ-ның ғылыми дәрежесі мен зерттеу бағыттарының мамандыққа сәйкестігі ескерілуі тиіс. Білім беру бағытындағы мамандық болғандықтан, жетекшілердің тіл мен әдебиетті оқыту әдістемесі сааласындағы еңбектері мен зерттеулерінің болуын ескеру керек.

2. Магистранттардың кәсіби-ғылыми әлеуетін арттыруға бағытталған инновациялық технологияларды кеңінен қолдану жолдарын қарастыру қажет.

СТАНДАРТ 5.ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫ

Кадр саясаты университет миссиясының контексінде білім беру бағдарламаларын іске асыру мақсатында профессор-оқытушылар және қызметкерлердің сапалы құрамын қалыптастыруға, оларды оқыту, әлеуметтік қолдау көрсетуге бағытталған. Басым бағыттардың бірі ретінде, ОПҚ сапалы құрамын қалыптастыру «Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университетінің 2014-2018 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында» көрініс тапқан.

Университеттің ОПҚ және қызметкерлеріне қатысты жұмысқа қабылдау, қызметі бойынша жоғарылату, көтермелеу, жұмыстан босату, өз қызметінде сыртқы, атап айтқанда: ҚР Еңбек кодексі, ҚР «Білім туралы» заңы (өзгерістер және толықтыруларымен, 2007ж.), «Біліктілік сипаттамасы лауазымының талаптары» (ҚР БҒМ 13.07.2009 ж.№338 бұйрығы) және ішкі нормативтік құжаттары: АӘИУ Жарғысы, «Ішкі тәртіп ережелері», «Конкурстық комиссия туралы ереже» және «ОПҚ және қызметкерлерімен еңбек келісімшартын» басшылыққа алатын университеттің арнайы бөлімшесі - кадрлармен жұмыс және құқықтық қамтамасыз ету бөлімі арқылы қызметкерлердің құқықтары және міндеттерімен танысу рәсімдері жүргізіледі.

Университет кафедра барлық деңгейдегі басшылық орындарға, еңбек келісім-шартының мерзімі аяқталған ОПҚ-на іріктеу конкурсын жариялайды. ОПҚ конкурсына іріктеу рәсімі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 17 ақпандағы «Жоғары оқу орындары профессор-оқытушы құрамы және ғылыми қызметкерлердің лауазымдарына іріктеу конкурсы туралы» №230 Қаулысына сәйкес әзірленген «Кафедра меңгерушілері және профессор-оқытушылар құрамы лауазымдарына іріктеу конкурсы туралы» ережесіне сәйкес жүзеге асырылады. Конкурстық комиссия жұмысы туралы хабарландыру республикалық «Егемен Қазақстан» газеті және облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газетінде жарияланады (6.1-қосымша). 2013-2017 жж. кезеңінде конкурстық іріктеу нәтижесінде 4 ғылым докторы, 13 ғылым кандидаты жұмысқа қабылданған. Кафедра меңгерушілері және профессор-оқытушылар құрамы лауазымдарына үміткерлерді іріктеу университеттің конкурстық комиссия мәжілісінде жүргізіледі. Профессор-оқытушылар құрамы бос лауазымдарына конкурстық комиссия университет ректорының бұйрығымен құрылады.

Кадрлық рәсімдердің ашықтығы электрондық құжат айналымы жүйесінде сақталатын құжаттарға қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Кадрлармен жұмыс және құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің ОПҚ базасы «Platonus» бағдарламасымен автоматтандырылған.

Университет қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері, талаптары

Лауазымдық нұсқаулықтарда айқын көрсетілген.

Кафедраның сандық және сапалық құрамы - 2017-2018 оқу жылында білім беру бағдарламаларын іске асыру бойынша университет миссиясының аясында ҚР БҒМ талаптарына сәйкес қалыптастырылады. Соңғы 4 оқу жылындағы кафедраның ОПК туралы мәліметтері мамандардың ғылыми әлеуетінің артқанын көрсетеді. ОПК-тың базалық білімі, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі, біліктілігі мен ғылыми дәрежесі мамандық бойынша оқытылатын пәндерге сәйкес 100%-ды құрайды. 2017-2018 оқу жылы штаттық оқытушылар саны жалпы ОПК санының 85,7% құрады. Есептік кезеңде кафедраның ОПК сандық-сапалық көрсеткіштері көтерілген. ОПК ғылыми сапалық көрсеткіші 2014-2015 оқу жылындағы - 59,1% көрсеткіштен 2017-2018 оқу жылында 66,7%-ға дейін өскен.

Профессор-оқытушылар құрамы білім беру қызметіндегі лицензиялаудың біліктілік талаптарына сәйкес. ҚР «Білім туралы» Заңына сай профессор-оқытушыларға қойылатын ұлттық нормативтік талаптар сақталған. Қазіргі таңда 6M011700-Қазақ тілі және әдебиеті БББ бойынша мамандар даярлайтын кафедра ОПК-ның базалық білімінің көрсеткіші 100%-ды құрап отыр.

Оқу жұмысы көлемін жоспарлау ОЖЖ бойынша кафедра оқу пәндерін бекіту негізінде жүзеге асырады. Кафедра оқу жұмысын жоспарлау оқу жұмыстарының түрлері: дәрістер, практикалық сабақтар, ОБСӨЖ, зертханалық сабақ, іс-тәжірибелердің барлық түрлері, курстық және магистрлік диссертацияға жетекшілік, берілген мерзімге сәйкес оқу жұмыстарының түрлері бойынша кеңестер және бақылау іс-шаралары (емтихан, сынақ, сараланған сынақ және қорытынды аттестация) бойынша жүргізіледі.

ОПК және қызметкерлер ҒЗЖ университеттің «Нормативтік-құқықтық құжаттар жинағына» енгізілген «ОПК ғылыми жұмыстарын жүргізу ережелері» нормативтік құжатына сәйкес жүргізіледі. Осы құжатқа сәйкес, магистранттар арасында білім, салауатты өмір салты қағидаттарын білу бойынша зерттеулер жүргізіледі, сондай-ақ, ҒЗЖ шеңберінде түрлі журналдарда жарияланатын магистранттар мен магистранттардың ғылыми жұмыстары тіркеледі.

Кафедрада оқытушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстары білім беру бағдарламасының бағыттарына сәйкес келуі қарастырылған. Мысалы, ф.ғ.д., профессор С.Р.Боранбаев 3 монография, 2 оқу құралы, 1 көмекші оқу құралы мен 130-дан астам ғылыми мақалалар жариялады, сондай-ақ, 3 кандидаттық, 27 магистрлік және 1 PhD докторлық диссертацияға жетекшілік етеді. 2011-2014 жж. бойы ҚР БҒМ коммерциялық емес Түркі академиясының (Астана) бюджеттік бағдарламасы бойынша, кафедра мүшесі ф.ғ.д., профессор С.Р.Боранбаев «Түркі тілдері тарихи дамуында орта түркі жазба ескерткіштерінің мәні және маңызы» (11,5 млн. т. көлемінде), «Ежелгі түркілердің қолданбалы іргелі және сурет өнерінің мәдени кешенін құру шеңберін талдау», «Басқа да қызметтер мен жұмыстар» №400 бағдарламасы

149 ерекшелігі бойынша, 055 -«Іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер» тақырыбында ғылыми жобалар орындаған. 2011-2012 жж. Кавказ сырты және Украинаға ғылыми іссапар нәтижесінде, жиналған материалдар негізінде 347 беттік монография (21,7 т. б.) Түркі академиясының баспасына ұсынылды. 2014 жылдың сәуір айынан бастап «Түркі тарихи-мәдени құндылықтары - қазіргі заманғы қоғамның тұрақты даму ресурсы»бағдарламасы бойынша профессор С. Р. Боранбаев жұмыс істеді, жоба тақырыбы: «Ортағасырлық қыпшақтардың Грузиямен, Армениямен және Әзірбайжанмен байланысы: тарихи-этнолингвистикалық зерттеу» (5,5 млн. т.). Жоғарыда аталған ғылыми зерттеу еңбектерден алынған нәтижелер «Түркі тілдерінің жіктелісі» пәніне ендірілді.

Кафедра мүшесі ф.ғ.д.,доцент Р.А.Досжанның «Көмекші сөздердің қалыптасу тарихы» оқу құралы «Академиялық грамматика теориясы» пәніне қосымша ретінде ендірілді.

БББ-ны іске асыру бойынша, инновациялық технологиялар және оқу ісі жөніндегі проректор бекітетін штаттық лауазымдағы оқытушының жұмысын реттейтін негізгі құжат ретінде оқытушының жеке жоспары ОПҚ-ның барлық қызмет салаларын қамтиды. Бұл құжатта оқытушының жылдық жүктемесі, оқу және оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, білім алушылармен тәрбие жұмыстары нақты жоспарланады.

Жыл сайын барлық пәндердің оқу-әдістемелік кешені АӘИУ нормативтік-құқықтық құжаттарына енгізілген «Оқу-әдістемелік кешендерді даярлау ережелері» негізінде жасалған. Осы ережелерге сәйкес ПОӘК мазмұнындағы міндетті компоненттер пәннің ерекшеліктеріне байланысты, қоғамдық-әлеуметтік сұраныс талаптарына байланысты 5-10 пайызға өзгеруі талап етіледі. Мысалы, 2014-2015 оқу жылдан бастап магистратура мамандықтары бойынша оқу бағдарламасы модульдік жүйе негізінде құрылды, соған сай ПОӘК-нің мазмұндық-құрылымдық жүйесі 40-50 пайызға жаңартылды. Кафедрада жұмыс жасайтын кәсіби мамандардың ғылыми әлеуеті мен кәсіби біліктілігі жоқары. Дегенмен, олардың магистранттарды ғылымға баулу жұмысын талапқа сай жүргізуі үшін, білім алушылардың жарияланымдарының сапасын арттыру үшін электив пәндер модуліне ғылыми-зерттеу жұмыстарын жазуға қатысты пәннің енгізілуі қажет деп санаймыз. Өйткені сыртқы аудит кезіндегі білім алушылармен жүргізілген сұқбат барысында оқыту үдерісінде бұл бағыттағы жұмыстардың сапасын арттыру қажеттігі анықталды. Магистранттар диплом жұмысы мен магистрлік диссертацияның ерекшеліктері, ғылыми мақалалар дайындау жүйесі жөнінде қойылған сұрақтарға толыққанды жауап бере алмады.

Толық штаттық бірлікке жұмыс істейтін оқытушының орташа жүктеме көлемі, оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, ұйымдастыру-әдістемелік, тәрбие және басқа да жұмыс түрлерін ескере отырып, 6 сағаттық жұмыс күні, жалпы бүкіл оқу жылына - 804 сағат, соның ішінде аудиториялық - 536 сағат көлемінде бекітілген. Кесте бойынша аудиториялық сағаттың орташа саны жүктеме көлемінің 66%-ын құрайды. Семестр және оқу жылына

жоспарланған жүктемені орындау нәтижелері университеттің СМЖ-мен бекітілген «Оқу үдерісі барысында қолданылатын құжат үлгілерінің жинағына» салынған үлгі бойынша жасалған жеке жоспарда көрсетілген.

Білім беру бағдарламаларын жетілдірудегі оқытушылардың қатысуы еңбек нарығының талаптарын және ғылымның озық жетістіктерін ескере отырып, білім беру бағдарламасын жаңарту арқылы жүзеге асырылады. Элективті пәндерді оқыту үшін кредит көлемін жоспарлау; курстық саясатты анықтау; басқару тапсырмаларын тапсыру кестесін жоспарлау; студенттердің білімін бақылауды ұйымдастыру; сапа мониторингінің нәтижелерін ескере отырып, пәндерді оқытудың нысандары мен әдістерін түзету; диссертация тақырыбын қайта қарау; тәжірибе базаларын тарту; Университеттің ғылыми-әдістемелік кеңесінде, әдістемелік және мемлекеттік аттестациялық комиссияларда жұмыс істеу.

Оқу-әдістемелік бөліміне (ОӘБ) тиісті бірлік және оқытушылардың оқыту бойынша әдістемелік қолдау жұмысына үлкен назар аударады, «Пәндердің оқу-әдістемелік кешенін (ПОӘК) жасау үшін әдістемелік нұсқаулар» негізге алынады.

ББ 5B011700 «Қазақ тілі мен әдебиеті» бойынша педагогтардың білім сапасын қамтамасыз етудің ішкі жүйесінде қатысу деңгейі жоғары. Кафедрада оқыту сапасының тиімділігін бағалау механизмдері мен критерийлер жүйесі дайындалған. Оларды ОӘК және кафедралар ОӘК мәжілісінде бекітілген «Ашық сабақ өткізудің ережелері» және ОӘК жоспарына (№1 хаттама, 25.08.2017 ж.) сәйкес оқу-әдістемелік жұмыстары бойынша кафедралардың және факультеттердің жүйелік бақылау негізінде қаланған кафедраішілік бақылау, ашық сабақтар, өзара сабаққа қатысу, магистранттардың сауалнамасы, басқа да әдістерді пайдалануды жоспарлау арқылы дайындайды. Кафедралардың тапсырысы бойынша, оқу бөлімі әр семестрге ашық сабақтар кестесін жасайды (хаттама №1, 25.08.2017 ж.). Ашық сабақтар нәтижелері кафедра және Оқу-әдістемелік кеңестің мәжілісінде талқыланып, ашық сабаққа қатысушылар «Сабақты бақылау актісі» арнайы бланкілерін, бірқатар әзірленген критерийлер бойынша, оқытушының кәсіби қызметін бағалай отырып толтырады. Бұл құжаттар («Ашық сабақтар» құжаттары) ОӘК-де сақталған.

Сапа мониторингін және оқытудың тиімділігін, ғылыми жұмыстарды бағалау және ОПҚ лауазымдық міндеттерін орындау кафедраның жұмыс жоспарлары мен оқытушылардың жеке жұмыс жоспарларының орындалуын бақылау бойынша кадр ресурстарын дамыту орталығы, кафедра меңгерушілері, факультет декандары арқылы жүзеге асырылады. Кафедра меңгерушісі оқытушылардың сабақ өткізуін, дербес жұмыс жоспарларының орындалуын, оқу-әдістемелік кешендерді дайындауды және электронды, қағаз нұскасында портфолио жүргізуді бақылайды. Сыртқы аудит барысында кафедра оқытушылары ф.ғ.к. Р.Қожабекованың, Г.Танабекованың портфолиоларымен таныстық. Портфолиода оқытушылардың кәсіби әлеуетін арттыруға, ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауға, білім алушылармен

жүргізілетін, оқу, ғылыми, тәрбие бағыттарына қатысты құжаттар мен дәйектемелік материалдардың жүйелі тіркеліп отыратыны, жаңашылдықпен ізденіс жүргізетіні анықталды. Кафедра қызметкерлерін ынталандыру саласында жыл сайын оқытушы қызметі бағаланады. Университеттің білім беру қызметінің мониторинг сапасына қанағаттану білім беру қызметі тұтынушыларының пікірлерін талдау арқылы жүзеге асырылады.

Әдістемелік кеңестің шешімімен кафедрада және деканаттарда жүйелі түрде нормативтік құжаттар мен оқу-әдістемелік құжаттардың талаптарға сәйкестігін тексеру жүргізіледі. Жылына бір рет сапа менеджменті жүйесі бойынша, бөлімшелерде ішкі аудит жүргізіледі. Тиімді және сапалы оқытудағы біліктілік деңгейін анықтауда ОПҚ ашық сабақтары мен өзара сабаққа қатысу деңгейі, сондай-ақ, жыл сайынғы «Оқытушы магистрант көзімен» сауалнама нәтижелері ескеріледі. Жыл сайын жүргізілетін «Оқытушы - магистрант көзімен» сауалнама нәтижелері бойынша, ОПҚ өзін-өзі ұстау және мәдениеті, кәсіби қасиеттеріне оң пікірлер динамикасы байқалады.

Мониторинг жүргізу кезінде, білім сапасына қанағаттану дәрежесін айқындау үшін, білім беру қызметін тұтынушы ретінде магистранттардың пікірі ескеріледі. Сессия аяқталған соң, оқу-әдістемелік басқармасы магистранттар арасында сауалнама жүргізеді. Мәселен, 2016, 2017 жылдары ақпан айында 1-4 курс студенттері арасында «Оқытушы - магистранттардың көзімен» сауалнама жүргізіліп, оған 112 білімгер қатысқан. Сауалнама арқылы оқытушының кәсіби және жеке қасиеттері бағаланған. Педагогикалық қызметтің сапасы 5 балдық шкала бойынша сарапталған. Сауалнама қорытындысы бойынша «Мейірімділік, әдеп, оқытушының магистранттарға құрметі» қатысты барлық сұралған магистранттар жоғары баға берілген (орташа балл - 4,1).

Оқыту тиімділігін жақсарту мәселелері кафедрада, факультеттің Ғылыми кеңесінде, жоғары оқу орнының Ғылыми кеңесінде, ректорат мәжілістерінде қаралады, онда кафедраның осы бағыттағы қызметі талданады, ұсыныстар әзірленеді. Магистранттар мен оқытушылар арасында сауалнама жиі жүргізіледі. Сұралған магистранттардың саны, күндізгі оқыту бөліміндегі контингенттің жалпы санының 60%-ын құрайды. Әлеуметтік сауалнама нәтижелері одан әрі ОПҚ рейтингісін өткізу кезінде ескеріледі, оның көрсеткіштері бойынша жоғары балл жинаған оқытушылар ынталандырылады.

Университеттің басшылығы мен Ғылыми кеңес шешімдерінің негізінде, университетке сіңірген еңбегі үшін, жоғары оқу орындары ОПҚ және қызметкерлерін ҚР БҒМ алғыс хаттары, ҚР Президентінің Құрмет ордені, ҚР БҒМ грамота және марапаттаулары, облыс және аудан әкімдерінің алғыс хаттарына ұсынады. Университеттің басшылығы мен Ғылыми кеңес шешімдерінің негізінде, университетке сіңірген еңбегі үшін, жоғары оқу орындары ОПҚ және қызметкерлерін ҚР БҒМ алғыс хаттары, ҚР Президентінің Құрмет ордені, ҚР БҒМ грамота және марапаттаулары, облыс және аудан

әкімдерінің алғыс хаттарына ұсынады. Атап айтар болсақ 2016 жылы кафедраның доценті ф.ғ.д., С.Р.Боранбаев Ы.Алтынсарин және ҚР.БҒМ «Құрмет грамотасымен марапатталған. 2014 жылы кафедраның доценті ф.ғ.д. Р.А.Досжан «Жоғары оқу орындарының үздік оқытушысы» атындағы төсбелгімен, 2017 жылы «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен оқытушысы» атағын алған. Кафедраның аға оқытушы ф.ғ.к., Ф.Аймурзаев ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына байланысты университет ректорының алғыс хатымен марапатталған.

2013-2014 және 2016-2017 оқу жылдары аралығындағы ОПҚ оқу, әдістемелік және ғылыми жұмыстарының нәтижелері жоғары. Кафедра мүшелері ф.ғ.д., доцент С.Р.Боранбаев және ф.ғ.д., доцент Р.А.Досжанның импакт-факторлы мақалалары жарияланған.

Университет үздіксіз кәсіби дамуы және құзыреттілігі саласында ОПҚ кәсіби қалыптасуы және біліктілігін арттыру үшін барлығына бірдей мүмкіндіктер жасайды. Сыртқы академиялық ұтқырлық бойынша 9 шетелдік және 7 отандық жоғары оқу орындарымен шарттар жасалған. 2014-2015 оқу жылында 8 оқытушы екі апта кезеңінде - 24.02.2014-07.03.2018 ж. аралықтарында 72 сағаттық дәрістер курсың тыңдап, И. Арабаев атындағы Қырғыз мемлекеттік университеті сертификаттарын алды.

2014 жылдың 21-22 сәуірінде Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Б. Әбдуәліұлы «Антропонимиялыққазақ есімдерінің құқықтық мәселелері» және «Антропонимикалық өзбек және қазақ есімдерінің мәңгілік орыны» тақырыбына мастер-класс өткізген.

Сонымен қатар, университеттің профессор-оқытушылар құрамымен бірге, тәжірибе алмасу мақсатында, басқа да жоғары оқу орындарынан және кәсіпорындардан арнайы шақырылған өкілдер тиісті мамандықтар бойынша мастер-кластар жүргізеді. БББ бағдарламасын жүзеге асыру сапасын арттыру мақсатында кафедра жыл сайын жетекші халықаралық, ұлттық білім беру ұйымдарынан ОПҚ шақырып тұрады. Мысалы, 2014-2015 оқу жылында ф.ғ.д., профессор М.Мырзахметұлы, 2015-2016 оқу жылында, ф.ғ.д., профессор Б.Әбдіғалиұлы, т.с.с. шақырылып, білімгерлер мен кафедра ОПҚ мастер-кластарға қатысып, дәрістер тыңдаған.

Университетте академиялық адалдық, кәсіби нормалар және этиканы қамтамасыз ету саясаты мен іс-шаралары жүргізіліп отырады. Оларды сақтау ішкі еңбек тәртіп ережесі, оқытушы мен студенттің ар-намыс кодексі, моральдық нормалар, міндеттемелерді және қазақстандық қоғам мен мемлекеттің жалпыға танылған адамгершілік принциптері мен нормаларына негізделген адал мінез-құлық талаптар жүйесін анықтайтын университет қызметкерлерінің моральдық-этикалық Кодексінде жазылған.

Университет оқытушыларына қатысты тәртіптік және әкімшілік жаза іс-шаралары ешқашан қабылданған.

Ескерту: Оқытушылардың магистранттарды ғылымға баулу жұмысын талапқа сай жүргізуі үшін, білім алушылардың жарияланымдарының сапасын

арттыру үшін электив пәндер модуліне ғылыми-зерттеу жұмыстарын жазуға қатысты пән енгізу қажеттігі анықталды.

Ұсыныс: Электив пәндер модулінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жазуға үйрететін арнайы пәнді енгізу қажет.

СТАНДАРТ 6.

ОҚУ РЕСУРСТАРЫ ЖӘНЕ СТУДЕНТТЕРДІ ҚОЛДАУ

Магистранттардың білімдік, жеке және мансаптық қажеттіліктерін жүзеге асыруда оларды қолдау үшін қызмет көрсету құрылымдары талапқа сай. Мамандық магистранттарына тіркеуші офисі, кеңес беру қызметі, кітапхана, ақпараттық және ғылыми-зерттеу орталықтары, жатақхана, асханалар мен буфеттер, медициналық орталықтар, спорт залдары, клубтар қызмет көрсетеді.

Қазіргі таңда сапалы оқу ресурстары мен студенттерді қолдау жұмыстары білім берудің негізгі көрсеткіштерінің бірі болып саналады. Университет басшылығы БББ-ның заманауи оқу ресурстарымен қамтамасыз ету, студенттерді қолдау қызметтерінің жұмыстарын тиімді ұйымдастыру іс-шараларына үлкен көңіл бөледі.

6M011700-Қазақ тілі мен әдебиеті магистранттары мен ОПҚ-ға университеттің құрамына төмендегі құрылымдардан тұратын материалды-техникалық базасы қызмет етеді: 16 оқу ғимараты, оқу аудиториялары, арнайы мамандандырылған оқу кабинеттері, кітапханалар, 45 орындық 2 электронды оқу залдары, компьютерлік сыныптар, асханалар мен буфеттер, 3 медициналық пункт, 210 орындық 4 спортзал, 200 орындық 3 оқу залы жұмыс істейді

Университетте магистранттардың білім алудағы, жеке тұлғалық және мансап көтеру жолындағы қажеттіліктерін жүзеге асыру мақсатында офис-тіркеу бөлімі, жастар комитеті, кітапхана, іс-тәжірибе бөлімі, компьютерлік орталық, т.с.с. құрылымдар жұмыс атқарылады.

Магистранттарға білім бағдарламасын меңгеруге көмек беретін білікті эдвайзерлер, кураторлар, кеңесшілер қолдау қызметтерін көрсетеді. Офис-тіркеу қызметі эдвайзерлермен, тьюторлармен және деканаттармен біріге отырып, білім алушының барлық оқу жетістіктерін тіркейді және академиялық рейтингті есептеу, аралық бақылауды, ағымдық және қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру, бақылау, тіркеу жұмыстарын атқарады. Сонымен қатар, офис-тіркеу қызметі жазғы семестрді ұйымдастыру, курстан курсқа көшіру, транскрипт даярлау, жеке оқу жоспарын құрастыру жұмыстарымен де айналысады.

Білім алушыларға кеңес беру қызметін кафедра ОПҚ-сы төмендегі үш бағыт бойынша жүргізеді:

1. Эдвайзер-оқытушы студенттермен тығыз байланыста болып, оқу жұмысына қатысты мәселелерді бірге шешеді. Сонымен қатар, магистранттардың сабаққа қатысуын, үлгерімін, ғылыми-зерттеу

жұмыстарымен айналысуын, т.б. қадағалайды. Ол оқу кезеңінде магистрант БББ игеру үшін даярланатын жеке оқу жоспарын құруға, оқу траекториясын таңдауға, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізуге көмектеседі.

2. Кеңесші-оқытушылар білім алушылардың жеке тапсырмаларды, өзіндік, курстық, диссертациялық жұмыстарды орындауында, іс-тәжірибеден өтуінде туындайтын мәселелерде кеңес беру қызметін атқарады.

3. Тәлімгер-оқытушылар оқу жылы барысында магистранттарды университеттің өмірімен танысып, топтық және жеке мәселелерді шешуге көмек көрсету, топта достық қарым-қатынас орнату жұмыстарымен айналысады. Магистранттардың бос уақытын дұрыс өткізуін, үйірмелерге, спорттық ойындарға, университеттен тыс ұйымдастырылатын тәрбиелік іс-шараларға қатысуына мүмкіндік жасайды. Магистранттармен бірлесіп жылдық тәрбие жоспарын құрады және азаматтық, адамгершілік, имандылық, эстетикалық, салауаттылық, құқықтық және т.б. тәрбие беру бағыттарына байланысты тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырады

Әр оқу жылының басында білім алушыларға ішкі тәртіп ережесі, барлық қызметтердің жұмыс кестесі, телефон анықтамасы, әкімшілік пен профессор-оқытушылар құрамының аты және дәрежесі, оқу төлемақы тәртібі, білім беру курстары туралы ақпарат, оқыту нәтижелерін бағалау үшін анық және дәл жазылған талаптар, кредиттік технология бойынша оқу үдерісі, оқу пәндерінің жазылу тәртібі, ғылыми кітапхананы пайдаланудың жалпы ережесі, білім алушылардың ағымдағы, аралық және қорытынды білімін бақылауды ұйымдастыру қағидалары, білім алушылардың ауысу және қайта келтіру ережелері көрсетілген жол көрсету-анықтамасы беріледі. Магистранттың жол көрсету-анықтамасы АӘИУ web-сайтында (www.rsiiu.kz) тіркелген. АӘИУ Web-сайты барлық профессор-оқытушылар құрамына, қызметкерлерге және магистранттарға қол жетімді.

Университет құрылған уақыттан бастап, оның өмірінен магистранттардың өзін-өзі басқаруы ерекше рөл атқарады. Қазіргі өзін-өзі басқарудың жоғары органы - жастардың қоғамдық ұйымдары мен бірлестіктерінің, сондай-ақ жастар саясатын іске асыру және университетте оны іске асыру шараларын өңдеу негізгі міндеті болып табылатын жастар комитеті бар. Оның құрамында 2 магистрант бар. «Нұр Отан» ХДП «Жас Отан» жастар қанатында 15 магистрант тіркелген. Бөлімге университеттің тәрбие жұмыстары және әлеуметтік мәселелер бойынша проректоры басшылық жасап отырады.

Университетте жүргізіліп отырған студенттік өзін-өзі басқару саясаты магистранттардың индивид ретіндегі жеке ерекшеліктерін нығайтуға, сондай-ақ оқытушы мен магистрант арасындағы қарым-қатынас пен ішкі тәртібіне, университеттің болашақта жақсы жағынан дамуына әсерін тигізеді. Студенттік ректордың, студенттік деканның және белсенділердің жұмыстарындағы жалпы көрсеткіштер осының айғағы болып табылады.

Жан-жақты дамыған білім алушыны қалыптастыруға және олардың

шығармашылық әлеуетін дамытуға университеттегі басқа да қоғамдық ұйымдар әсерін тигізеді.

БББ бағдарламасын іске асыру үшін кафедра материалды-техникалық жабдықтармен толық қамтамасыз етілген. Кафедраның оқу үдерісі үшін 5 лекциялық зал, 5 арнайы кабинет, 1 компьютерлік сынып, 3 әдістемелік кабинет бар. Кафедраның лекциялық залдары мен аудиториялары интернет желісіне қосылған мультимедиялық құрылғылармен жабдықталған. Жыл сайын кафедраның сұранысы бойынша құрал-жабдықтар және кітапхана қоры жаңартылып тұрады.

БББ-ларын жүзеге асыру үшін университетте кітапханалық-ақпараттық жүйе құрылған. Кітапхана қоры ақпараттық ресурстардың құрамдас бөлігі бола отырып, оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттермен, сондай-ақ заңнамалық және нормативтік құқықтық құжаттармен, әрбір білім алушылардың ақпараттық білім беру ресурстарына қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Оқу-әдістемелік әдебиеттерге оқу-әдістемелік құралдар, әдістемелік құралдар, дидактикалық, көрнекілік құралдар, оқу-әдістемелік нұсқаулар, әдістемелік нұсқаулықтар немесе оқу пәндеріне ұсынымдар, зертханалық, курстық, дипломдық және басқа да жазба жұмыс түрлерін орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар, анықтамалық құралдар мен оқу пәндері бойынша басылымдар жатады.

Кітапхананың барлық құрылымдық бөлімшелері қажетті кітапханалық құрал-жабдықтармен және жиһазбен, компьютерлік және көшіру-көбейту техникасымен жабдықталған. Жаңа технологияларды енгізу үшін және ақпараттық ресурстарға қол жеткізуде кітапхананың электронды оқу залында 37 компьютер бар. Сонымен қатар, кітапханалық жұмысты жүзеге асыру үшін 8 компьютер, 4 принтер, 1 ксерокс бөлінген.

2015-2016 оқу жылында оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз ету бойынша білім алушылар контингенттің бір мүшесіне 176,6 бірлікті құрады. Оның ішінде мемлекеттік тілде оқитын магистранттардың қамтылуы 146,2 бірлікке тең.

Облыстық А.С.Пушкин атындағы әмбебап ғылыми кітапханасымен, қалалық орталықтандырылған көпшілік кітапханасымен, облыстық жасөспірімдер кітапханасымен жасалған келісімшарттарға сәйкес осы кітапханалардың ресурстарын магистранттар мен оқытушылар пайдалана алады.

Оқырмандарға 4 жерден кітап беретін кітапханалық қызмет көрсететін оқу залында 420 орын бар, сондай-ақ 37 орындық электронды залда жүзеге асырылады. Пайдаланушыларға электрондық оқу залының электронды және магнитті тасығыштарда (компакт-дискілер, аудио және бейнекассеталар) энциклопедиялар, жол көрсеткіштер, сөздіктер, анықтамалықтар, электронды оқулықтар мен оқу құралдары, рефераттар, оқыту бағдарламалары көру қарастырылған.

Кітапхананың ақпараттық қорлары кез келген тасымалдағыштарда

толық мәтінді деректер қорын, дәстүрлі және электронды кітапханалық каталогтарды, білім беру мақсатында пайдаланылатын электрондық ресурстарды қамтиды. Бүгінгі таңда 507,4 мың теңгеге ИРБИС64 жүйесі сатып алынып, жұмыс жасауда. Жыл сайын кітаптар мен мерзімді басылымдар сатып алуға университеттен қаржы бөлінеді. 2013-2014 оқу жылында жалпы қаржы көлемі 7 065 100 болса, 2017-2018 оқу жылында 9 416 050 теңге бөлінген.

Кітапханада жүйелі каталог және картотека жүргізіледі. Анықтамалық-іздеу аппараты кітапхана қорының мазмұнын қарауға ықпал етеді. Компьютерлендіру, кітапханалық-библиографиялық үдерістер автоматтандырылған "ИРБИС" негізінде жүзеге асырылады. Кітапхана қорына түсетін бүкіл әдебиет, кітапханалық -библиографиялық жіктеу бойынша жүйеленеді. Оқырмандарға жедел және сапалы қызмет көрсету үшін кітапханада каталог және картотекамен тұрақты жұмыс жүргізіледі.

Электронды каталогтарды және ақпараттық деректер базасын пайдалану, интернет ресурстарына қол жеткізу мәселелері бойынша кеңестер өткізіледі. Электронды оқу залында университеттің профессор-оқытушылар құрамының электрондық оқулықтары мен басылымдар қоры қалыптастырылады.

6M011700-Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының магистранттары мен ОПҚ осы компьютер сыныптарында жұмыс жасай алады. Жекелеген кабинеттер соңғы үлгідегі, ғаламтор жүйесіне қосылған компьютерлермен жабдықталған. Алайда, оқу аудиторияларын ақпараттық-коммуникативтік технологиямен жабдықтауды толық жүзеге асыру мүмкіндігін қарастыру қажет. Магистранттардың барлық компьютер сыныптарында және кітаби, ғылыми кітапхананың электронды каталогымен, ғаламтор ресурстарымен жұмыс жасауға толық мүмкіндіктері бар.

Білім беру бағдарламалары бойынша магистранттар мен оқытушыларды (мысалы, Web-сайт негізінде) ақпараттық қамтамасыз етудің бірыңғай жүйесі бар. Білім алушыларға ыңғайлы орындарда Интернетке қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін Wi-Fi аумағының бар болуы қарастырылған. Дегенмен, жоғары оқу орындарының заманауи электронды базасының деректеріне, оның ішінде шетелдік деректер базасына (Scopus, Thomson Reuters және т.б.) магистранттардың қолжетімділігін қолдау мәселесі жетілдіруді талап етеді.

Магистранттарды қолдау қызметінің қызметкерлерінің біліктілігі, жұмысқа қабылдауда және байқау іріктеуінде анықталған лауазымдық нұсқауларда көрсетілген біліктілік талаптарына сай. ОПҚ игілік танытып жас білім алушыларға қажетті көмегін аямайды.

Магистранттардың тәрбие және қолдау көрсету жұмыстарына қанағаттану деңгейін анықтау үшін сауалнама жүргізіліп отырылады. Сауалнама нәтижесі қолдау көрсету қызметінің жұмысының сапасын бағалаудың ең тиімді әдісі болып табылады.

Қолдау көрсету қызметінің қызметкерлерінің біліктілігі жұмысқа қабылдау және конкурстық іріктеу кезінде анықталып, біліктілік

талаптарына сай үміткерлер таңдалады. Қолдау көрсету қызметінің қызметкерелі университет бекіткен қызметтік нұсқау негізінде жұмыстар атқарады.

Университетте үлгерімінде кемшіліктері бар білім алушыларға арналған көмек көрсету жүйесі жұмыс атқаруда. Мысалы, дәлелді себепке байланысты шептік және қорытынды бақылаудан өтпеген білім алушыларға оны өтеуге дербес мерзім беріледі. Емтиханның дербес кестесін ауруын растайтын, босануына байланысты т.б. кредиттік технологиясы қарастырған ережелеріне, университеттің ішкі ережесіне сәйкес өтеуге рұқсат етіледі.

Курс бағдарламасын толық атқарған, бірақ курстан курсқа көшіру балын жинай алмаған білім алушыға, жазғы семестрде пәндерді ақылы негізде қайта оқып қорытынды емтихандарды тапсыруға мүмкіндік беріледі.

Университет басшылығы әлеуметтік жағынан аз қорғалған магистранттарға материалдық қолдау көрсетуге ерекше назар аударады. Университетте осындай санаттағы магистранттардың төлем ақысына жеңілдіктер қарастыру бойынша әлеуметтік комиссия құрылған. Сондай-ақ, университеттің қоғамдық өміріне белсенді қатысатын оқу озаттары, спортшы магистранттарға материалдық ынталандыру көзделген.

Жұмыс жасайтын, шетелдік және мүмкіндігі шектеулі магистранттардың талаптарын қанағаттандыруда қашықтықтан оқыту технологиясы іске қосылған, онда сабақтарды «он-лайн» немесе «офф-лайн» режимінде жүргізу мүмкіндігі қарастырылған. Қашықтықтан оқытылатын магистранттар тапсырмаларын Интернет желісі арқылы университеттің ақпараттық-білім порталынан өзінің жеке кабинет арқылы алады.

Білім беру бағдарламасы аясында материалдық-техникалық базаны кеңейту, жаңарту және жетілдіру бағытында лицензиялау талабына сай тиісті шаралар жүзеге асырылып отырады. Жыл сайын оқу ғимараттарына, жатақханаларға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Дегенмен, материалды-техникалық базаның ескіру үдерісі байқалады.

Ескерту: Университет кітапханасы қорында заманауи оқу-әдістемелік құралдардың тапшылығы байқалды.

Ұсыныс: Университеттің кітапхана қорын жаңа әдістемелік құралдармен толықтыру қажет. Әсіресе, жалпы білім беретін мектептердегі жаңартылған білім мазмұнына қатысты оқу-әдістемелік кешендерді білім алушылардың танысуына, жұмыс жасауына мүмкіндік жасалуы қажет.

СТАНДАРТ 7. ЖҰРТШЫЛЫҚТЫ АҚПАРАТТАНДЫРУ

Аймақтағы ЖОО және орта арнаулы колледждерге кәсіби маман дайындау нәтижесі күтіледі. Қазіргі уақытта ашықтық және қоғамның университет қызметі жөнінен ақпараттандырылуы заманауи әлемдік білімі беру кеңістігіндегі сапалы біліммен қамтамасыз етудің басты аспектісі болып

табылады. Сондықтан АӘИУ басшылығы қоғамды ақпараттандыру процесін 2014-2018 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында қойылған миссия, мақсат, сапа саясаты және міндеттерін іске асырудың маңызды ресурсы деп біледі.

